

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 мамырдағы N 374 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының темір жол көлік желісінің қалыптасқан шекараларын ескере отырып,

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша тасымалдау төлемдерін төлеу және жүк тасымалдарын ресімдеу тәртібін белгілеу мақсатында,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Темір жол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері

мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді (бұдан әрі - 1996 жылғы 18 қазандағы Келісім) назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім 1996 жылғы 18 қазандағы Келісімге 1-қосымшада келтірілген Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері бойынша және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының темір жол учаскелері бойынша жүктерді тасымалдау кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2-бап

Осы Келісімді орындау жөніндегі құзіретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі;

Ресей Тарабынан - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі.

3-бап

Осы Келісімде қолданылатын терминдер мынаны білдіреді:

1) темір жолдар:

Қазақстан Тарабы үшін (Қазақстан темір жолдары) - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан Республикасының барлық темір жолдары, сондай-ақ 1996 жылғы 18 қазандағы Келісімге 1-қосымшаның Б тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының темір жол учаскелері;

Ресей Тарабы үшін (Ресей темір жолдары) - Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының барлық темір жолдары, сондай-ақ 1996 жылғы 18 қазандағы келісімге 1-қосымшаның А тармағында көрсетілген Ресей Федерациясының темір жол учаскелері;

2) темір жол станциялары:

Қазақстан Тарабы үшін - Қазақстан Республикасының аумағындағы және 1996 жылғы 18 қазандағы Келісімге 1-қосымшаның Б тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының темір жол учаскелеріндегі темір жол станциялары;

Ресей Тарабы үшін - Ресей Федерациясының аумағында және 1996 жылғы 18 қазандағы Келісімге 1-қосымшаның А тармағында көрсетілген Ресей Федерациясының темір жол учаскелерінде орналасқан Ресей темір жол станциялары;

3) темір жолдардың түйісу пункттері:

Қазақстан Тарабы үшін (Қазақстан темір жолдарының түйісу пункттері) - Никельтау, Тобыл, Пресногорьков, Қызыл ту, Локоть, Илецк-1;

Ресей Тарабы үшін (Ресей темір жолдарының түйісу пункттері) - Озинки, Ақсарай-II, Құлынды, Золотая Сопка, Петропавл;

4) жүктерді халықаралық қатынаста тасымалдау кезінде қолданылатын тарифтер:

Қазақстан Тарабы үшін - халықаралық (экспорттық-импорттық) қатынаста жүктерді

темір жол көлігімен тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын
т а р и ф т е р ;

Ресей Тарабы үшін - халықаралық қатынаста жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер;

5) жүктерді ішкі қатынаста тасымалдау кезінде қолданылатын тарифтер:

Қазақстан Тарабы үшін - облысаралық қатынастарда жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер;

Ресей Тарабы үшін - Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларының арасында жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер;

6) қосымша алымдар - тарифке кіргізілмеген қосымша операциялар, жұмыстар және қызметтер үшін төлемдер;

7) тасымал төлемдері - жүк тасымалы, жолсеріктің жүрген жолы үшін төлем, жүкті тасымалдауға қабылдағаннан оны алушыға бергенге дейінгі кезең ішінде туындаған қосымша алымдар мен басқа да төлемдер;

8) төлем - вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төленетін тарифке кіргізілмеген төлем;

9) ең төменгі тарифтік белдік - Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының тарифтік нұсқауларына сәйкес анықталған тасымалдаудың ең қысқа қашықтығы;

10) айыппұлдар - жүктерді тасымалдауға байланысты Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының заңнамасында көзделген және темір жол көлігімен жүк тасымалдау кезінде тасымалдаушылардан, жүк жіберушілерден, жүк алушылардан және басқа жеке және заңды тұлғалардан алынатын айыппұлдар;

11) ішкі қатынастың тасымал құжаты:

Қазақстан Тарабы үшін - облысаралық қатынаста қолданылатын темір жол көліктік жүк құжаты;

Ресей Тарабы үшін - Ресей Федерациясы аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларының арасында жүк тасымалдау кезінде қолданылатын тасымал құжаты;

12) халықаралық қатынастың тасымал құжаты:

Қазақстан және Ресей Тараптары үшін - 1951 жылғы 1 қарашадағы Халықаралық жүк қатынасында қолданылатын, халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің жүкқұжаты.

4-бап

Қазақстан темір жолдарында және Ресей темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу тиісті темір жолдарда қолданылатын тәртіппен жүзеге асырылады.

5-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына,

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол учаскелері бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау Ресей Федерациясының заңнамасы негізінде жүзеге асырылады және ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша Ресей темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, Ресей Федерациясы ішкі қатынасының тасымал құжаттарымен ресімделеді.

6-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына, Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол учаскелері бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде жүзеге асырылады және ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша Қазақстан темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, Қазақстан Республикасы ішкі қатынасының тасымал құжаттарымен ресімделеді.

7-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша Ресей темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

8-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша Қазақстан темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

9-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына және кері бағытта Ресей Федерациясының аумағы бойынша транзитсіз өтетін жүктерді тасымалдау ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша, Ресей темір жолдарында және Қазақстан темір жолдарында жалпы тасымалдау қашықтығына пропорционалды тиісті темір жол бойынша тасымалдау қашықтығы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

10-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитсіз өтетін жүктерді тасымалдау ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша, Ресей темір жолдарында және Қазақстан темір жолдарында жалпы тасымалдау қашықтығына пропорционалды тиісті темір жол бойынша тасымалдау қашықтығы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

11-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына және кері бағытта Ресей Федерациясының аумағы бойынша транзитпен өтетін жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Ресей темір жолдарында және Қазақстан темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша тиісті темір жол бойынша тасымалдау қашықтығы үшін жүзеге асырылады.

12-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен өтетін жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Қазақстан темір жолдары бойынша және Ресей темір жолдары бойынша тасымал төлемдерін төлеу ішкі қатынаста жүкті тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша тиісті темір жол бойынша тасымалдау қашықтығы үшін жүзеге асырылады.

13-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жолының Озинки, Ақсарай-II, Құлынды, Золотая Сопка түйісу пункттерінен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Қазақстан темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Қазақстан темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін тасымалдау қашықтығы үшін белгіленген ставканы алып тастағандағы халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Ресей темір жолдарындағы тасымал төлемдері

ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін қашықтық үшін халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша алынады.

14-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жолының Петропавл түйісу пунктінен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Қазақстан темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Қазақстан темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін, тасымалдау қашықтығы үшін белгіленген ставканы алып тастағандағы ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Ресей темір жолдарындағы тасымал төлемдері ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін қашықтық үшін ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша алынады.

15-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Қазақстан темір жолының Никельтау, Тобыл, Пресногорьков, Қызыл ту түйісу пункттерінен Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Ресей темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Ресей темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін тасымалдау қашықтығы үшін белгіленген ставканы алып тастағандағы халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан темір жолдарындағы тасымал төлемдері ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін қашықтық үшін халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша алынады.

16-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жолының Локоть, Илецк-1 түйісу пункттерінен Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Ресей темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Ресей темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін тасымалдау қашықтығы үшін белгіленген ставканы алып тастағандағы ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан темір жолдарындағы тасымал төлемдері ең төменгі тарифтік белдікке сәйкес келетін қашықтық үшін ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша алынады.

17-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына Ресей Федерациясының аумағы бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша Ресей темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

18-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүктерді тасымалдау ішкі қатынаста жүктерді тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша Қазақстан темір жолдарында барлық жүрген жолы үшін тасымал төлемдері төлене отырып, халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

19-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларынан Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларына және кері бағытта жүктерді тасымалдау халықаралық қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді. Бұл ретте Қазақстан темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Қазақстан темір жолдарында тасымал төлемдерін төлеу халықаралық қатынаста тасымалдау кезінде Ресей Федерациясында қолданылатын тарифтер бойынша, ал Ресей темір жолдары бойынша тасымалдау қашықтығы үшін Ресей темір жолдарында - жүктерді халықаралық қатынаста тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

20-бап

1996 жылғы 18 қазандағы келісімге 1-қосымшада көрсетілген темір жол учаскелері шегінде жүктерді тасымалдау, тиісінше Қазақстан Республикасының немесе Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және аумағында осы учаскелер орналасқан мемлекеттің ішкі тарифтері бойынша тасымал төлемдері төлене отырып, ішкі қатынастағы тасымал құжаттарымен ресімделеді.

21-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей темір жол станцияларында Ресей темір жолдарында қолданылатын қосымша алымдар, төлемдер және айыппұлдар алынады.

22-бап

Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Қазақстан темір жол станцияларында Қазақстан темір жолдарында қолданылатын қосымша алымдар, төлемдер және айыппұлдар алынады.

23-бап

Осы Келісімнің 7 - 20-баптарында аталған Қазақстан және Ресей темір жол учаскелері бойынша жүктерді тасымалдау осы Келісімнің және Қазақстан Республикасы және/немесе Ресей Федерациясы қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте үшінші елдерге/елдерден транзиттік тасымалдарды қоспағанда, Қазақстан және Ресей темір жол бойынша тасымал төлемдерін төлеу осы Келісімде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

24-бап

Әрбір Тараптың құзіретті органдары темір жол көлігімен халықаралық және ішкі қатынастарда жүктерді тасымалдаудың қолданыстағы тарифтер деңгейінің, қосымша алымдар ставкаларының, төлемдердің, сондай-ақ жүктерді тасымалдауға байланысты айыппұлдар мөлшерінің өзгеруі туралы уақытында бір-біріне хабарлайды, тасымал төлемдерін есептеу тәртібі бойынша түсініктемелер жібереді және жеке шарттың негізінде екінші Тараптың құзіретті органын тасымал төлемдерін есептеудің, қосымша алымдар, төлемдер мен айыппұлдар алудың тәртібін регламенттейтін нормативтік құжаттармен қамтамасыз етеді.

25-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

26-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты дауларды құзыретті органдар консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

27-бап

Осы Келісім Тараптардың және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді және 1996 жылғы 18 қазандағы келісімнің қолданыста болу мерзіміне ж а с а л а д ы .

200__ жылғы _____ қаласында, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

